

**БЕКІТЕМІН:**  
ЖШС «Бану-Түркеш» балабақшасының менгерушісі  
Б.С. Умирзакова



**«Бану-Түркеш» балабақшасының  
Педагогикалық әдеп жөніндегі  
кеңестер**



**БЕКІТЕМІН:**  
**ЖШС «Бану-Тұркеш» бөбекжай**  
**балабақшасының міністерінің**  
**Б.С. Умирзакова**

**«Бану-Тұркеш» бөбекжай балабақшасының КМҚҚ бойынша Педагогикалық әдеп  
жөніндегі кеңестің жұмысын ұйымдастыру туралы**  
**ЕРЕЖЕ**

**1. Жалпы ережелер.**

1.1. Кеңес өз қызметін Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы» Зандағына, осы Қағидаларға, өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырады және объективтілік пен әділеттілік, әдептілік, қоғамдық пікір мен жариялыштықты ескеру қағидаттарын басшылықта алады.

1.2. Осы Қағидалар педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің қызметін ұйымдастыруды анықтайды. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес (бұдан әрі - Кеңес) білім беру үйымдарында құрыллатын және педагогтердің педагогикалық әдепті сақтауы мәселелерін қарайтын алқалы орган болып табылады.

1.3. Білім беру үйымдарының педагогикалық әдеп жөніндегі кеңесіне педагогтердің педагогикалық әдепті сақтауы мәселелері бойынша жеке және занды тұлғалар жүргіне алады.

1.4. Кеңес өз қызметінде зандылық, объективтілік және әділдік қағидаттарын басшылықта алады.

**2. Кеңестің негізгі міндеттері, функциялары мен өкілеттіктері**

2.1. Кеңестің негізгі міндеттері:

- 1) педагогикалық әдептің бұзылу мониторингі, профилактикасы және оның алдын алу;
- 2) білім беру үйымдарында педагогикалық этиканың сақталуын қамтамасыз ету;
- 3) педагогикалық әдептің бұзылуына ықпал еткен себептер мен жағдайларды талдау;
- 4) педагогтердің жауапкершілігі туралы мәселені дұрыс қарау үшін қажетті және жеткілікті мән-жайларды жан-жақты, толық және объективті зерттеу;

2.2. Педагогтік әдеп жөніндегі кеңес өз құзыреті шегінде:

- 1) өз отырыстарында педагогтер мен қаралатын мәселелерге қатысы бар тұлғаларды тыңдайды;
- 2) білім беру үйымының алдында тұрган міндеттерді орындау үшін қажетті құжаттарды, материалдарды және ақпаратты сұратады;
- 3) педагогтер мен қаралып отырған мәселелерге қатысы бар адамдардан түсіндімелер және (немесе) түсініктемелер талап етеді;
- 4) педагогикалық әдепті бұзыу фактілеріне тексеріс жүргізу туралы білім беру үйымының басшысына ұсыныстар енгізеді;

- 5) білім беру үйымының басшысына еңбек тәртібін нығайту, педагогикалық әдептің бұзылуының алдын алу бойынша ұсыныстар енгізеді;
- 6) білім беру үйымы басшысының қарауына педагогикалық әдепті бұзғаны үшін жауапкершілік туралы ұсыныстар енгізеді;
- 7) Кеңестің ұсынымдарын тиісті түрде қарастырмagan білім беру үйымының лауазымды тұлғаларының жауапкершілігін қарау туралы ұсыныстармен құзыретті мемлекеттік органдарға немесе тиісті лауазымды тұлғаларға жүгінеді;
- 8) тараптарды татуластыру бойынша жұмыс жүргізеді.

### **3. Кеңес қызметін үйимдастыру**

- 3.1. Кеңестің өкілеттік мерзімі үш жылды құрайды.
- 3.2. Кеңес төрағадан, хатшыдан және Кеңестің басқа да мүшелерінен тұрады. Кеңес мүшелерінің саны тақ болуы және 7 адамнан кем болмауы тиіс (Кеңес хатшысын есептемегендे).
- 3.3. Кеңеске келесі тұлғалар кіреді:
  - 1) кеңес білім беру саласындағы қызметті жүзеге асыратын кәсіподақтардың және (немесе) үкіметтік емес үйымдардың және (немесе) қоғамдық бірлестіктердің өкілдерінен тұруға тиіс;
  - 2) кемінде екі педагог;
  - 3) құрметті демалысқа шыққан педагогтер.
- 3.4. Білім беру үйымының басшысы, білім беру үйымының басқарушылық, әкімшілік, қосалқы персоналының қызметкерлері, осы білім беру үйымының білім алушылары мен тәрбиеленушілерінің ата-аналары Кеңес құрамына оның мүшелері ретінде енгізілмейді. Бұл ретте Кеңес хатшысы ретінде білім беру үйымының басқарушылық, әкімшілік, қосалқы персоналының қызметкерлеріне жол беріледі.
- 3.5. Кеңес білім беру үйымының педагогикалық кеңесінде сайланады:
  - 1) Кеңесті қалыптастыру кезінде заннама талаптарының сақталуын қамтамасыз етеді;
  - 2) Кеңесті уақтылы сайлау үшін қажетті рәсімдерді өткізууді қамтамасыз етеді;
  - 3) Кеңес жұмысына жағдай жасайды және жәрдем көрсетеді.
- 3.6. Кеңес құрамы білім беру үйымы басшысының бүйрығымен бекітіледі.
- 3.7. Кеңестің төрағасы мен хатшысы бірінші отырыста Кеңес құрамынан көпшілік дауыспен сайланады.
- 3.8. Кеңес мүшесі, егер ол не онымен бірге тұратын жақын туыстары өзіне қатысты іс қаралатын адаммен туыстық қатынастармен байланысты болса, не аталған адамға қызметтік немесе өзге де тәуелді болса, іс бойынша талқылауға және дауыс беруге қатыса алмайды. Кеңес мүшесі тиісті іс бойынша талқыланғанға және Кеңес дауыс бергенге дейін осы мән-жайлар туралы Кеңес мүшелеріне хабарлайды.
- 3.9. Кеңес отырысқа қатысып отырған Кеңес мүшелері санының қарапайым көпшілік дауысымен шешім қабылдайды. Дауыстар тең болған жағдайда төрағалық етушінің дауысы шешуші болып табылады. Кеңес мүшелері дауыс беру кезінде қалыс қала алмайды.
- 3.10. Кеңес төрағасы болмаған жағдайда оның тапсырмасы бойынша Кеңес мүшелерінің бірі төрағаның міндеттерін атқарады.

3.11. Кеңес отырысы хаттама түрінде ресімделеді, оған Кеңестің төрағасы мен хатшысы қол қояды.

#### **4. Кеңес құрамына кірмейтін тұлғалар:**

- 4.1. танылған сот әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп танылған;
- 4.2. сот белгілі бір мерзім ішінде мемлекеттік лауазымдарды атқару құқығынан айырған;
- 4.3. мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылышы үшін жұмыстан босатылған;
- 4.4. бұрын сотталған немесе қылмыс жасағаны үшін қылмыстық жауаптылықтан Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 35-бабының бірінші бөлігі 3), 4), 9), 10) және 12) тармақтарының немесе 36-бабының негізінде босатылған;
- 4.5. азаматтың қатарынан үш және одан да көп сағат ішінде дәлелді себепсіз жұмыста (қызметте) болмауы негізінде жұмыстан шығарылған жағдайларды қоспағанда, құқық қорғау органдарынан, арнаулы мемлекеттік органдар мен соттардан, әскери қызметтен теріс себептер бойынша босатылған адамдар кірмейді.

#### **5. Кеңес төрағасы мен мүшелерінің құқықтары мен міндеттері**

- 5.1. Кеңес жұмысының жоспары және отырыстардың күн тәртібі бойынша ұсыныстар енгізу;
- 5.2. Кеңес отырыстарына материалдар мен оның шешімдерінің жобаларын дайындауға қатысады;
- 5.3. Кеңес қарайтын мәселелерді талқылауға қатысады.

#### **6. Педагогтің педагогикалық әдепті сақтау туралы мәселені қарau кезіндегі құқықтары**

- 6.1. қаралып отырған мәселе туралы ақпаратты жазбаша түрде алуға;
- 6.2. қаралып отырған мәселе бойынша барлық материалдармен танысуға;
- 6.3. өз құқықтары мен заңды мүдделерін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жеке өзі немесе өкілі арқылы заңға қайшы келмейтін барлық тәсілдермен қорғауға;
- 6.4. шешімді жазбаша түрде алуға;
- 6.5. қабылданған шешімге Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шағым жасауға құқығы бар.

#### **7. Педагогке қатысты тәртіптік іс осы кезеңге тоқтатыла тұрады:**

- 7.1. еңбекке уақытша жарамсыздық;
- 7.2. демалыста немесе іссапарда болған;
- 7.3. мемлекеттік немесе қоғамдық міндеттерді орындау уақытында өзінің лауазымдық міндеттерін атқарудан босатылған;
- 7.4. даярлауда, қайта даярлауда, біліктілікті арттыру курсарында және тағылымдамада болған кезеңде тоқтатылады.

7.5. Хатшы тәртіптік жауаптылықта тартылатын адамдарды Кеңес отырысының өткізілетін орны мен уақыты туралы хабардар ету жөнінде шаралар қабылдайды.

7.6. Кеңес отырысында істі қарау, егер жауапкершілікке тартылатын адамдарға Кеңес отырысының уақыты мен орны туралы отырыс өткізілгенге дейін кемінде үш күн бұрын тиісті түрде хабарланған болса, олардың қатысуыныз жүргізілуі мүмкін.

## **8. Кеңес отырысында қаралатын педагогтің тәртіптік жауапкершілігі мәселелері**

8.1. Педагогтің тәртіптік жауапкершілігін қарау үшін негіз болып табылатын нақты іс-әрекет (әрекетсіздік) орын алды ма;

8.2. Бұл әрекет (әрекетсіздік) тәртіптік теріс қылық болып табыла ма және ол заңнаманың қандай нормаларын бұза отырып жасалды ма;

8.3. бұл әдепті бұзу педагог тарапынан жасалды ма;

8.4. педагогтің осы бұзушылықты жасауда кінәсі бар ма;

8.5. Исті қарау қорытындылары бойынша Кеңес білім беру үйымының басшысына педагогке тиісті жаза қолдануды және (немесе) қолданбауды ұсынады.

8.6. Кеңестің шешімі ұсынымдық сипатта болады.

## **9. Кеңестің тәртіптік істі қарау қорытындылары бойынша ұсынымдар**

9.1. Білім беру үйымының басшысы Кеңестің ұсынымын қарау кезінде еңбек және өзге де заңнама талаптарына сәйкес шешім қабылдайды.

9.2. Білім беру үйымының басшысына педагогке тиісті тәртіптік жаза қолдануды және (немесе) қолданбауды ұсыну;

9.3. Педагогке жазаның қандай түрін қолдану ұсынылады;

9.4. Тәртіптік істі тоқтату.

9.5. Педагогке қатысты талқылаулар және олардың негізінде қабылданған шешімдер оның жазбаша келісімімен ғана жариялануы мүмкін.

БҮЙРЫҚ  
№ 12     «28» тамыз 2024 ж.

**Педагогикалық әдеп жөніндегі Кеңестің құрамын бекіту туралы**

«Білім туралы» 27.07.2007 ж. ҚР Заңының 5-бабының 34-1) тармақшасына, «Педагог мәртебесі туралы» 27.12.2019 ж. ҚР Заңының 5-бабының 3-тармағына және 16-бабының 1-тармағына, «Педагогикалық этиканың кейбір мәселелері туралы» ҚР Білім және ғылым министрлігінің 11.05.2020 ж. № 190 бүйрығына сәйкес, педагогикалық әдеп жөніндегі кеңесті сайлау туралы педагогикалық кеңестің шешімі негізінде (хаттаманың нөмірі: 12 31.08.2023ж) **БҮЙРЫМАНЫН:**

1. Педагогикалық әдеп жөніндегі Кеңес мынадай құрамда бекітілсін:
  - 1) Төраға – Б.С.Умирзакова
  - 2) Кеңес мүшелері: Абдижамаловна А.А.
  - 3) Оспанова А әдіскер
  - 4) Әбжаппарова Н.П. тәрбиеші
  - 5) Онгар Ж.А. тәрбиеші
  - 6) Пернебекова О.А. тәрбиеші
  - 7) Айтбай М.К. тәрбиеші

Кеңес хатшысы: Абдижамаловна А.А.

Осы бүйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын

Балабаша менгерушісі:

Б.С.Умирзакова



## **Педагогикалық әдептің кейбір мәселелері туралы.**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы № 190 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 12 мамырда № 20619 болып тіркелді.

"Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 34-1) тармақшасына сәйкес, "Педагог мәртебесі туралы" 2019 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 3-тармағына және 16-бабының 1-тармағына негізінде **БҰЙЫРАМЫН**:

1. Қоса беріліп отырған:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Педагогикалық әдеп қағидалары;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидалары бекітілсін.

2. "Педагогикалық әдеп қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі міндетін атқарушының 2016 жылғы 8 қаңтардағы № 9 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13038 болып тіркелген, 2017 жылғы 1 қаңтарда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Заң департаменті (Н.Ә. Байжанов) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі Ш.Т. Кариноваға жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*A. Аймагамбетов*  
Қазақстан Республикасының  
Білім және ғылым министрі

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2020 жылғы 11 мамырдағы  
№ 190 Бұйрыққа  
1-қосымша

### **Педагогикалық әдеп қағидалары**

#### **1-тaraу. Жалпы ережелер**

1. Осы Педагогикалық әдеп қағидалары (бұдан әрі - Педагогикалық әдеп) "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының және "Педагог мәртебесі туралы" 2019 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының ережелеріне сәйкес әзірленді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының жалпыға бірдей танылған адамгершілік қағидаттары мен нормаларына негізделген.

2. Педагогикалық әдеп білім беру үйімдарының педагогтері басшылыққа алатын педагогикалық әдеп қағидаттары мен нормаларының жалпы жиынтығын білдіреді.

3. Педагогикалық әдеп ережелерін педагогтердің білуі және сақтауы олардың кәсіби қызметі мен еңбек тәртібі сапасын бағалау өлшемшарттарының бірі болып табылады.

4. Педагогикалық әдеп мәтіні білім беру процесінің қатысуышылары үшін белгілі бір қолжетімді орында орналастырылады.

5. Педагогке қатысты талқылаудар және олардың негізінде қабылданған шешімдер педагогтің жазбаша келісімімен ғана жария етілуі мүмкін.

#### **2-тaraу. Педагогикалық әдептің негізгі қағидаттары**

6. Педагогикалық әдептің негізгі қағидаттары мыналар болып табылады:

1) адалдық:

педагогтің адалдығы олардың оқыту мен тәрбиелеу нәтижесіне, өз қызметіндегі түзетулерді жүзеге асыра білуіне, сынға және рефлексияға қабілеттің дамытуға, білім алушылар мен тәрбиеленушілердің, олардың ата-аналарының (занды өкілдерінің), әріптестерінің кез келген пікірі үшін ашықтығына жауапкершілігін білдіреді;

2) әділдік:

педагогтің әділдігі оның бағалау қызметінің ашықтығын, олардың күрган білім беру ортасының айқындылығын білдіреді. Әділдік педагогге білім алушылар мен тәрбиеленушілердің, олардың ата-аналарының (занды өкілдерінің), әріптестерінің құқығын бұзуға тыым салады;

3) жеке тұлғаның абырайын және қадір-қасиетін құрметтеу:

педагог өзінің кәсіби назарындағы обьектілер болып табылатын білім алушылар мен тәрбиеленушілердің, олардың ата-аналарының (занды өкілдерінің), адамдардың абырайы мен қадір-қасиетін құрметтейді, олармен қарым-қатынас жасауда әдепті болады. Ол баланың дамуын шынымен қалап, оған әрқашан көмектесуге дайын екендігін білдіріп, білім алушы мен тәрбиеленушінің жеке басының өсуіне ықпал ету мақсатында білім алушының жетістіктерін (жетіспеушілігін) бағалауда сипайылықты қамтамасыз етеді.

Білім беру процесінің қатысуышыларына қатысты күш көрсету, моральдық және психикалық қысым жасау әдістерін қолдануға жол бермейді;

4) патриотизм:

педагог өз Отаны - Қазақстан Республикасына, тарихына, дәстүрлеріне және тіліне адал және сүйіспеншілікпен қарайды. Қазақстан Республикасының мәдени және тарихи дәстүрлерін сақтайды, бұл қарым-қатынасты білім алушыларға береді.

5) жалпы адами құндылықтарды құрметтеу және төзімділік:

Педагог жалпы адами құндылықтардың басымдылығын мойындағы отырып, әрбір ұлт мәдениетінің ерекшелігіне, құндылығына және қадір-қасиетіне құрметпен қарайды.

Педагог ұлтаралық қатынастар мәдениетін тәрбиелейді, білім алушыларды жасына, жынысына, тіліне, ұлтына, діні қозқарасына, азаматтығына, шығу тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мұліктік жағдайына немесе өзге де кез келген жағдайларға қарамастан барлық ұлттар мен барлық адамдардың құқығы мен қадір-қасиетін құрметтеуге үйретеді;

Педагогтің толеранттылығы білім алушылар мен тәрбиеленушілерге, олардың ата-аналарына (занды өкілдерінің төзімділікі, олардың әлеуметтік, лауазымдық және мұліктік жағдайына, жынысына, нақтылана, ұлтына, тіліне, дінге қозқарасына, мәдениетке, нағылай-сөніміне, тұған жеріне түркілікке жеріне төзімділікі, сондай-ақ жұмыста білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жетілмегенін туғызынан және ескере білуді көздейді).

Педагог мектеп ұжымында сенім білдіру және құрметтеу ахуалын жасауға ықпал етеді;

6) кәсіби ынтымақтастық:

педагог кәсіптің беделі туралы ойлайды, әріптестерінің абырайы мен қадір-қасиетін құрметтейді, мұғалімнің беделіне нұксан келтіретін іс-әрекеттерге жол бермейді.

Кандай да бір нысанды өз әріптестерінің сенімін теріс пайдалануға, олардың кәсіби міндеттерін атқаруына кедергі жасауга, оларға қандай да бір шығын келтіруге жол бермейді. Педагог өз әріптестерінің теориялық және әдістемелік шеберлік деңгейін арттыруға, шығармашылық қабілеттің дамытуға жәрдем көрсетеді, қыны жағдайға тап болған әріптестеріне көмекке келеді. Кәсіби ынтымақтастық жалғандық пен әділесіздікіті ақтауға қызмет етпейді;

7) үздіксіз кәсіби даму:

педагог өзінің кәсіби шеберлігін, зияткерлік, шығармашылық және жалпы ғылыми деңгейін жетілдіреді.

#### **3-тaraу. Педагогикалық әдептің негізгі нормалары**

7. Педагогтер қызметтік және қызметтік емес уақытта:

1) педагогикалық әдептің негізгі принциптерін сақтайды;

- 2) білім алушылар мен тәрбиеленушілерді жоғары адамгершілік рухына, ата-аналарына, этномәдени құндылықтарға құрмет көрсетуге, қоршаган әлемге ұқыпты қарауға тәрбиелеуге мүмкіндік жасайды;
- 3) білім алушыларға Отанына - Қазақстан Республикасына құрметпен қарауды үйретеді, патриотизм рухын ұлатады;
- 4) Қазақстан Республикасы педагогінің жоғары атағының беделін түсірге мүмкіндік туғызатын іс-әрекеттерді жасауға жол бермейді;
- 5) өзінің қызметтік міндеттерін адаптацияның орталығындағы салынғандағы;
- 6) өзінің кәсіби шеберлігін ұздықіз жетілдіреді, өз бетінше білім алу және өзін-өзі жетілдірумен белсенді турде айналысады;
- 7) енбек тәртібін бұлжытпай сактайтын;
- 8) білім беру үйімінде мүлкінде ұқыпты қараиды және оны жеке максаттарда пайдаланбайды;
- 9) сыйбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша шаралар қабылдайды, өзінің шыншыл, адаптацияның орталығындағы болады;
- 10) қызметтік ақпараттарды пайдалануда жеке максаттарда пайдалануға жол бермейді;
- 11) өзі үлгі бола отырып, ұжымда тұрақты және жағымды моральдық-психологиялық жағдай қалыптастыруға мүмкіндік жасайды;
- 12) өзінің қызметтік міндеттерін орнында кезеңінде іскерлік күй үлгісін ұстанады;
- 13) педагог мәртебесін пайдалануда жеке максаттарда пайдаланудан аулақ болады;
- 14) өз қызметтінде академиялық адаптацияның принциптерін мүлтікесін сактайтын, соның ішінде академиялық ортада адаптацияның орталығындағы қалыптастыратын негізгі институционалдық құндылық ретінде академиялық адаптацияның қамтамасыз етеді, педагогтің академиялық мәдениетті қалыптастыруға ықпал ететін тәлімгер ретінде өзінің білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне құрмет көрсету, білім беру процесінде қатысушыларды академиялық адаптацияның жоғары стандарттарын алға жылжуға және коргауға ынталандыру және көтермелеге, педагогтің пәннің нақты саясатын, білім алушылардан күтілетін талаптарды анықтауды, білім алушылардың жауапкершілігін қамтамасыз ету және олардың академиялық адаптацияның қағидалары мен стандарттарын бұзғаны үшін пәрменді шаралар қабылдауды, білім алушыларға білім беру, әлеуметтік және психологиялық қолдау қорсететін және академиялық әділестіздік танытуға мүмкіндік бермейтін академиялық орта құру;
- 15) материалдарды БАК-та, оның ішінде интернет-басылымдарда жариялады, жеке тұлға ретінде өз атынан ғана қөпшілік алдында сөйлейді, бұл ретте педагогтің жоғары атағына нұқсан келтірмей, пікірталасты дұрыс түрде жүргізуідегі қамтамасыз етеді, мемлекеттің лауазымды тұлғаларының атына сындарлы емес сыннан және әдепсіз пікірден тартынады, жариялаудағы рұқсат етілген қызметтік ақпаратты ашпайды, қоғамда педагогтің жоғары атағына нұқсан келтірмейді;
- 16) білім беру үйімінде анықтаудың бұқаралық сөз сөйлеудер, БАК жарияланымдары осы үйімінде қарастырылады;
- 17) әлеуметтік желілерде тексерілмеген және (немесе) дәйексіз және (немесе) әдепсіз ақпаратты таратпайды, қоғамда педагогтің жоғары атағын нығайтуға ықпал етеді;
- 18) білім беру үйімінде анықтаудың бұқаралық сөз сөйлеудер, БАК жарияланымдары осы үйімінде қарастырылады;
- 19) білім алушы мен тәрбиеленушінің жетістіктерінің (жетістікке жетпеуінін), оның әлеуметтік жағдайының, ата-анасының (занды өкілдерінің) жұмыс орнының күпиялышының қамтамасыз етеді және бұл мәліметтер қәмделетке толмаған білім алушы мен тәрбиеленушінің ата-аналарының (занды өкілдерінің) немесе қәмделетке толған білім алушы мен тәрбиеленушінің жазба келісімінен ғана жария етіледі.
8. Білім беру процесінде қатысушылармен қарым-қатынас жасауда педагогтер:
- 1) жасына, жынысына, үлгінен, діни сеніміне, азаматтығына, шығу тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүлтік жағдайларына немесе кез келген өзге де мән-жайларға қарамастан адамның құқығын, абыроны мен қадір-қасиетін құрметтейді;
- 2) білім беру процесінде қатысушыларға есімін атап, құрметті және мәдени түрде, сондай-ақ жалпы қабылданған моральдық-этикалық нормаларды сактай отырып жүгінеді, білім беру процесінде қатысушылардың аты-жөнін жазуда және айтуда ерікті түрде бүрмалау фактілеріне жол бермейді;
- 3) білім беру процесінде қатысушыларға қатысты қаржылық және өзге де болсалыу фактілеріне жол бермейді, өз әріптестерінің тарапынан осындағы әрекеттердің жолын кесуге күш салады;
- 4) өз іс-әрекеттің қоғам тарапынан дәлелді сындарға жол бермейді, оған сабырлықпен қараиды, өзінің кәсіби қызметтіндегі қемшиліктерді жою және оны жақсарту үшін сындарлы сынды пайдаланады;
- 5) білім беру процесінде қатысушыларына қаржылық жасауда педагогтер:
- 1) жалпы қабылданған моральдық-әдептілік нормаларын, сыпайылық пен биязылықты сактайтын;
- 2) басқа педагогтің қәсіби біліктілігіне көпшілік алдында құмән келтірмейді;
- 3) дәйексіз және дәлелсіз шағымдардан бас тартады, педагогикалық әдіптің бұзылғанына шағым жасаған адамға карсы жауап шараларын қабылдамайды.
10. Педагогикалық этиканы бұзғаны үшін педагогтер Қазақстан Республикасының заңнамасында сәйкес жауапкершілікке тартылады.
11. Педагогикалық әдепті сактау мониторингі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен білім беру үйімінде тиісті педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестері жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2020 жылғы 11 мамырдағы  
№ 190 бұйрықта  
2-қосымша

## Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидалары

### 1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы Қағидалар педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің қызметін ұйымдастыруды анықтайды.

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес (бұдан әрі - Кеңес) білім беру үйымдарында құрылатын және педагогтердің педагогикалық әдепті сақтауы мәселелерін қарайтын алқалы орган болып табылады.

Білім беру үйымдарының педагогикалық әдеп жөніндегі кеңесіне педагогтердің педагогикалық әдепті сақтауы мәселелері бойынша жеке және заңды тұлғалар жүргіне алады.

2. Кеңес өз қызметін "Білім туралы", "Педагог мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңдарына, осы Қағидаларға, өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жузеге асырады және объективтілік пен әділдік, әдептілік қағидаттарын басшылықта алады.

### 2-тaraу. Кеңестің негізгі міндеттері мен өкілеттіктері

3. Кеңестің негізгі міндеттері:

1) педагогикалық әдептің бұзылу мониторингі, профилактикасы және оның алдын алу;

2) білім беру үйымы ұжымының адамгершілк-психологиялық ахуалын жақсартуға, педагогикалық әдептің бұзылуына байланысты дауыл жағдайларды реттеуге ықпал ету;

3) педагогтердің жауапкершілігі туралы мәселені дұрыс қарау үшін қажетті және жеткілікті мән-жайларды жан-жакты, толық және объективті зерттеу;

4) педагогикалық әдепті бұзуға ықпал ететін себептер мен жағдайларды қарау және олардың негізінде білім беру үйымының басшысына ұсынымдар әзірлеу болып табылады.

4. Кеңес өз құзыреті шегінде:

1) өз отырыстарында педагогтер мен қаралатын мәселелерге катысы бар тұлғаларды тыңдайды;

2) білім беру үйымының алдында тұрған міндеттерді орындау үшін қажетті құжаттарды, материалдарды және ақпаратты сұрапады;

3) педагогтер мен қаралып отырған мәселелерге катысы бар адамдардан түсіндімелер және (немесе) түсініктемелер талап етеді;

4) педагогикалық әдепті бұзу фактілеріне тексеріс жүргізу туралы білім беру үйымының басшысына ұсыныстар енгізеді;

5) білім беру үйымының басшысына еңбек тәртібін нығайту, педагогикалық әдептің бұзылуының алдын алу бойынша ұсыныстар енгізеді;

6) білім беру үйымы басшысының қарауына педагогикалық әдепті бұзғаны үшін жауапкершілік туралы ұсыныстар енгізеді;

7) Кеңестің ұсынымдарын тиісті түрде қарастырмagan білім беру үйымының лауазымды тұлғаларының жауапкершілігін қарау туралы ұсыныстармен құзыретті мемлекеттік органдарға немесе тиісті лауазымды тұлғаларға жүргінеді;

8) тараптарды татуластыру бойынша жұмыс жүргізеді.

### 3-тaraу. Кеңес қызметін ұйымдастыру

5. Кеңестің өкілеттік мерзімі үш жылды құрайды.

6. Кеңес төрағадан, хатшыдан және Кеңестің басқа да мүшелерінен тұрады. Кеңес мүшелерінің саны тақ болуы және 7 адамнан кем болмауы тиіс (Кеңес хатшысын есептемегендеге).

7. Кеңеске келесі тұлғалар кіреді:

1) білім басқармаларының (бөлімдерінің) өкілдері, білім беру саласында қызметін жүзеге асыратын кәсіподақтардың және (немесе) үкіметтік емес үйымдардың және (немесе) қоғамдық бірлестіктердің өкілдері;

2) кемінде екі педагогог;

3) құрметті демалыска шыққан педагогтер.

Білім беру үйымының басшысы, білім беру үйымының басқарушылық, әкімшілік, қосалқы персоналдарының қызметкерлері, осы білім беру үйымының білім алушылары мен тәрбиеленушілерінің ата-аналары Кеңес құрамына оның мүшелері ретінде енгізілмейді. Бұл ретте Кеңес хатшысы ретінде білім беру үйымының басқарушылық, әкімшілік, қосалқы персоналдарының қызметкерлеріне жол беріледі.

8. Кеңес құрамына:

1) сот әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп таныған;

2) сот белгілі бір мерзім ішінде мемлекеттік лауазымдарды атқару құқығынан айырған;

3) мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылышы үшін жұмыстан босатылған;

4) бұрын сотталған немесе қылымы жасағаны үшін қылымстық жауаптылықтан Қазақстан Республикасы Қылымстық-процестік кодексінің 35-бабының бірінші бөлігі 3), 4), 9), 10) және 12) тармактарының немесе 36-бабының негізінде босатылған;

5) азаматтың қатарынан үш және одан да көп сағат ішінде дәлелді себепсіз жұмыста (қызметте) болмауы негізінде жұмыстан шығарылған жағдайларды қоспағанда, құқық корғау органдарынан, арнаулы мемлекеттік органдар мен соттардан, әскери қызметтен теріс себептер бойынша босатылған адамдар кірмейді.

9. Кеңес білім беру үйымының педагогикалық кеңесінде сайланады.

10. Білім беру үйымының басшысы:

1) Кеңесті қалыптастыру кезінде заңнама талаптарының сакталуын қамтамасыз етеді;

2) Кеңесті үақытылы сайлау үшін қажетті рәсімдерді өткізуі қамтамасыз етеді;

3) Кеңес жұмысына жағдай жасайды және жәрдем көрсетеді.

11. Кеңес құрамы білім беру үйімін басшысының бүйрекімен бекітіледі.
12. Кеңестің төрағасы мен хатшысы бірінші отырыста Кеңес құрамынан көпшілік дауыспен сайланады.
13. Кеңес хатшысы Кеңестің дауыс беруіне және кеңес отырысына шығарылатын мәселелерді талқылауға қатыспайды.
- Кеңес хатшысы Кеңестің іс қағаздарын жүргізуі қамтамасыз етегін тұлға болып табылады: мүшелер мен шақырылған адамдарды кеңес отырысының өткізілетін күні мен орны туралы хабардар ету, Кеңестің жұмыс жоспарының жобасын жасау, хаттама жүргізу және оны сактау, өтініштер мен ұсыныстарды қабылдау, сондай-ақ Кеңестің атына келіп түсетін хаттарды тіркеу.
- Кеңес хатшысы Кеңес шешімдерінің орындалу мониторингін қамтамасыз етеді және олардың нәтижелері туралы кеңес мүшелеріне жеткізеді.
14. Кеңес төрағасы Кеңес отырыстарын шақырады және күн тәртібін белгілейді.
- Кеңестің мүшелері:
- 1) отырыстардың күн тәртібі бойынша ұсыныстар енгізеді;
  - 2) Кеңес отырыстарына материалдар мен оның шешімдерінің жобаларын дайындауға қатысады;
  - 3) Кеңес қарайтын мәселелерді талқылауға қатысады.
- Кеңестің кезектен тыс отырысы төрағаның шешімі бойынша және (немесе) білім беру үйімін басшысының ұсынысы бойынша және (немесе) Кеңес мүшелерінің жалпы санының үштен бірінен астамының бастамасы бойынша өткізуі мүмкін.
15. Педагогикалық әдепті сактау туралы мәселе қаралған кезде педагогтің:
- 1) қаралып отырган мәселе туралы ақпаратты жазбаша түрде алуға;
  - 2) қаралып отырган мәселе бойынша барлық материалдармен танысуға;
  - 3) өз құқықтары мен занды мүдделерін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жеке өзі немесе өкілі арқылы заңға қайшы келмейтін барлық тәсілдермен қорғауға;
  - 4) шешімді жазбаша түрде алуға;
  - 5) қабылданған шешімге Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шағым жасауға құқығы бар.
16. Кеңес мүшесінің қызметі осы Қағидалардың 8-тармағында көзделген мән-жайлар туындаған жағдайда, сондай-ақ Кеңес мүшесі қайтыс болған жағдайда тоқтатылады.
17. Кеңестің шешімі бойынша Кеңес мүшесі оның құрамынан:
- 1) уақытша еңбекке жарамсыздық жағдайында болған, мемлекеттік немесе қоғамдық міндеттерді орындау үшін жұмыстан босатылған, демалыста, іссапарда болған уақытты қоспағанда, Кеңес отырыстарына жыл ішінде үш реттен артық қатыспаған;
  - 2) Кеңес мүшесі Кеңес құрамынан шығу туралы өтініш берген;
  - 3) педагогке қатысты талқылау мәліметтері оның жазбаша келісімінсіз жария етілген;
  - 4) осы Қағидалардың 16-тармағында көзделген;
  - 5) осы қағидалардың 19-тармағының талаптары бұзылған жағдайларда шығарылуы мүмкін.
18. Кеңес отырысы:
- 1) егер оған Кеңес мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі қатысса, занды деп саналады;
  - 2) жұмыс жоспарына сәйкес, бірақ тоқсанына бір реттен кем емес, сондай-ақ өтініштер мен шағымдардың түсініне қарай өткізіледі;
  - 3) Кеңестің күн тәртібі мен күні туралы қызметкерлерді, сондай-ақ мүдделі тұлғаларды Кеңес хатшысы оны өткізгенге дейін күнтізбелік 7 күннен кешіктірмей хабардар етеді.
- Кеңес мүшелері оның отырыстарына ауыстыру құқығынсыз қатысады.
19. Кеңес мүшесі, егер ол не онымен бірге тұратын жақын туыстары өзіне қатысты іс қаралатын адаммен туыстық қатынастармен байланысты болса, не аталған адамға қызметтік немесе өзге де тәуелді болса, іс бойынша талқылауға және дауыс беруге қатыса алмайды. Кеңес мүшесі тиісті іс бойынша талқыланғанға және Кеңес дауыс бергенге дейін осы мән-жайлар туралы Кеңес мүшелеріне хабарлайды.
20. Кеңес отырыска қатысып отырган Кеңес мүшелері санының қарапайым көпшілік дауысымен шешім қабылдайды. Дауыстар тен болған жағдайда төрағалық етушінің дауысы шешуші болып табылады. Кеңес мүшелері дауыс беру кезінде қалыс қала алмайды.
21. Кеңес төрағасы болмаған жағдайда оның тапсырмасы бойынша Кеңес мүшелерінің бірі төрағаның міндеттерін атқарады.
22. Кеңес отырысы хаттама түрінде ресімделеді, оған Кеңестің төрағасы мен хатшысы қол қояды. Кеңес отырысының хаттамасы - Кеңес отырысының барысын және онда қабылданған ұсыныштарды қорсететін ресми жазбаша құжат. Хаттама білім беру үйімінде сакталуы тиіс және білім беру үйімінде үстер номенклатурасына енгізуі тиіс.
23. Қарau үшін өзге субъектілерден, лауазымды адамдардан ақпарат алу талап етілмейтін жеке және (немесе) занды тұлғаның өтініші келіп түсken күнінен бастап күнтізбелік он бес күн ішінде Кеңесте қаралады.
- Қарau үшін өзге субъектілерден, лауазымды адамдардан ақпарат алу талап етілгендегі жеке және (немесе) занды тұлғаның өтініші келіп түсken күнінен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде Кеңесте қаралады және ол бойынша шешім қабылданады.
- Оны қараудың корытындылары туралы өтініш берушіге отырыстың өзінде не оны Кеңестің хатшысы қарau корытындылары бойынша деру хабарлауы тиіс.
24. Педагогке қатысты істі қарau:
- 1) еңбекке уақытша жарамсыздық;
  - 2) демалыста немесе іссапарда болған;
  - 3) мемлекеттік немесе қоғамдық міндеттерді орындау уақытында өзінін лауазымдық міндеттерін атқарудан босатылған;
  - 4) даярлауда, кайта даярлауда, біліктілікті арттыру курстарында және тағылымдамада болған кезеңде тоқтатылады.
25. Хатшы жауапкершілікке тартылатын адамдарға Кеңес отырысының өткізілетін орны мен уақыты туралы күнтізбелік 7 күннен кешіктірмей хабарлау жөнінде шаралар қабылдайды.
- Кеңес отырысында істі қарau, егер жауапкершілікке тартылатын адамдарға Кеңес отырысының уақыты мен орны туралы отырыс өткізілгенге дейін кемінде үш күн бүрін тиісті түрде хабарланған болса, олардың қатысуынсыз жүргізуі мүмкін.
26. Осы Қағидаларда тиісті хабарлау деп адамды хатпен, тапсырыс хатпен немесе жеделхат арқылы хабардар ету танылады, ол өзіне немесе онымен бірге тұратын қамелетке толған отбасы мүшелерінің біріне қолхат арқылы не

хабарламаның немесе шақырудың тіркелуін қамтамасыз ететін өзге де байланыс құралдарын пайдалана отырып тапсылады.

27. Оттыста педагогтің жауапкершілігі мәселесін қарау кезінде Кенес мына мәселелерді шешеді:

- 1) педагогтің жауапкершілігін қарау үшін негіз болып табылатын нақты іс-эрекет (эрекетсіздік) орын алды ма;
- 2) бұл іс-эрекет (эрекетсіздік) әдепті бұзу болып табылады ма;
- 3) бұл әдепті бұзу педагог тарарапынан жасалды ма;
- 4) педагогтің осы бұзушылықты жасауда кінасі бар ма.

28. Исті қарау корытындылары бойынша Кенес білім беру үйіміндең басшысына педагогке тиісті жаза қолдануды және (немесе) колданбауды ұсынады.

29. Кеңестің шешімі ұсынымдық сипатта болады.

30. Білім беру үйіміндең басшысы Кеңестің ұсынымын қарау кезінде енбек және өзге де заңнама талаптарына сәйкес шешім қабылдайды.

31. Педагогке катысты талқылаулар және олардың негізінде қабылданған шешімдер оның жазбаша көлісімімен ғана жариялануы мүмкін.

Кенес хатшысы өтініш берушіге оның өтінішін заңнамада белгіленген мерзімде қарау нәтижелерін жазбаша хабарлайды. Бұл ретте, өтініш берушіні "Педагог мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 4-тармағының және осы

Қағидалардың 31-тармағының талаптарын сақтау қажеттігі туралы хабардар етеді

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК